



Оңтүстік Қазақстан облысы
Мақтарал ауданы
«№122 жалпы орта мектебі»

Педагог-психолог
Торыбаева Айғаным Нұрғалиқызы



2013-2014 оқу жылы

Тақырыбы:


«Мамандық – біздің өмірімізде»

Мақсаты:

- *Оқушыларға мамандық таңдаудың жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту.*

Міндеттері:

- 1. Мамандықтың негізгі түрлері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы кеңінен түсінік беру;*
- 2. Мамандықтарға деген ынтымақ – ықыласы қызығушылықтарын арттыру;*
- 3. Мамандық таңдау кезеңіндегі ойлау мәдениеті және кәсіптік сауаттылығын қалыптастыру.*





Тренинг ережелері:

1. Сыйластық
2. Тыңдай білу
3. Белсенділік таныту
4. Уақытпен санасу

Тренинг барысы:

1. Танысу.
2. «Мамандықты тап» ойыны.
3. «Алақан бойынша мамандықты анықта» жаттығуы.
4. Сергіту сәті (би терапиясы).
5. «Бұл кім» кәсіби бағдар ойыны.
6. Пікірталас.
7. Қорытындылау .



Танысу

Қатысушылар шеңбер бойымен өз есімдеріне сын есімді қосып айтып өтеді.



«Мамандықты тап»

Тренингке қатысушыларға карточкаларға жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысу керек. Қалғандары мамандықты табу керек.

Дәрігер
Мұғалім
Құрылысшы
Кітапханашы
Банк қызметкері
Сантехник
Монтер
Бухгалтер



«Алақан бойынша мамандықты анықта» жаттығуы .

Саусақтарымызды кеңірек ашып, ақ параққа алақандарымызды түсірейік.

Бас бармақ және шынашақтың ортасын О нүктесімен белгілеп, әрбір саусаққа түзу сызық жүргіземіз. Осы жүргізілген сызба бөліктерін сызғышпен олшеп шығарыңыз.

Жауабы:

- 1. Егер алақан сызығыңызда бас бармақ пен О нүктесі арасында сызба бөлігі ұзын болса, сіз басқарушысыз.*
- 2. О нүктесі мен сұқ саусақ нүктесінің арасындағы сызық басқармаларынан ұзын болса, сіздің қорғаушы әскери қабілетіңіз мол.*
- 3. Ортаңғы қол сызығы ұзынырақ болса, сіз дін адамы, саясаткер болуға бейімсіз.*
- 4. Аты жоқ саусақ сызығы үлкенірек болса, сіз өнерге бейіміңіз мол, суретші, музыкант, архитектор, дизайнер болуға қабілеттісіз.*
- 5. Шынашақ сызығы үлкенірек болса, сіз-дәрігерлік, шипагерлікке бейімсіз. Жүргізуші, дәрігер, тігінші, әнші, журналист, спортшы, програмист, эколог, заңгер.*

Сергіту сәті (би терапиясы).

Қатысушылар арасынан 4 ұл, 4 қыз ортаға шығып, бір – бірімен жұптасып тұрады. Қолдарына парақшаға жазылған мамандықтар таратылады, музыка қойылып қатысушылар сол мамандықтың биін билейді.

«Бұл кім» кәсіби бағдар ойыны.

Қазір мен сендерге әртүрлі мамандықтар айтамын, ал сендер секунд ішінде жолдастарыңызға қарап аталған мамандық көбірек кімге үйлесетінін іштей анықтайсыңдар. Сосын не себепті сол адамға таңдағандарыңды және не себепті сол мамандыққа сәйкес келетіндігі туралы өз ойларыңды жеткізесіңдер.

Пікірталас

- 1) Мамандық таңдауда нені есепке алу керек?*
- 2) «Маман иесі» дегенді қалай түсінуге болады?*
- 3) Адамның қандай қасиеттері кәсіби түрде қажет?*
- 4) Адам кәсіби жұмыста қалай табысқа жете алады?*
- 5) Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдай отырып, сен тіршілік ететін аймаққа қандай мамандықтар қажет ?*

Еліміздің ертеңі – маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін!

Қорытындылау

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе»

Ж. Аймауытов.

Сүйікті жұмыс – өмірдің маңызды бөлігі. Өмірде сүйікті ісіңмен айналысу - өзіңмен келісімде өмір сүру. Адам үшін пайдасыз, қажетсіз мамандық жоқ. Сіздің дарындылығыңыз бен қабілетіңізді ашатын мамандықты табу маңызды. Жер бетінде әрбір өмір сүрушінің міндеті – әлемді жақсы жаққа өзгерту.

Кез-келгенін таңда, бірақ ұмытпа, өз еңбегіңнің қызықты немесе қызықсыз, қуанышты немесе көңілсіз болуы өзіңе байланысты. Адам өз ісін жақсы көргенде, ол одан қуаныш та, қанағаттанушылық та табады, бай унициатива танытады, жалықпайды, шаршамайды.

A decorative border with green floral and scrollwork patterns is positioned around the edges of the page. The top-left corner features a large, intricate floral design. The bottom-right corner has a similar, though smaller, floral design. The rest of the border consists of repeating scrollwork and leaf motifs.

Тыңдағандарыңыз үшін рахмет !